



Қазіргі уақытта Екібастұз қаласында 281 жолаушылар лифтісі бар. Соның ішінде 278 лифт коммуналдық меншіктің үлесінде. 3 лифтінің 2-уі – Әуезов көшесі, 81 «А»-үйде, 1-уі - «Екібастұз» қонақ үйінде.

Дария ЕРҒАЗИНА

2001 жылдан 2006 жылға дейін жолаушылар лифтісін коммуналдық меншікке өткізгенде (кейін «Екібастұзлифт»), 278 лифтінің 110-ы ғана жарамды болды. 168 лифт тоналған немесе істен шыққан еді.

2009-2015 жылдар аралығында 211 лифт қалпына келтірілді. Қолдану мерзімінен шыққан 83 лифт жаңасына ауыстырылды.

2016 жылы осы мақсатқа 123 582,0 мың теңге қаржы бөлу жоспарланса, «Екібастұзлифт» ЖШС-і сәуір айында 60 лифтіге жөндеу жүргізген (7 392,0 мың теңге). Бір лифтіге жұмсалған шығын 123,02 мың теңгені құрады.

Қолдану мерзімінен шыққан 53 лифт алдын алу-тексеруден өткізілсе, ағымдағы жылы 39 лифтіге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Бұхар Жырау көшесі, 250 және Мәшһүр Жүсіп көшесі, 131-үйдегі 2 лифт 2000 жылдан бері мүлдем жөндеу көрмеген. Ол аздай, тұрғындардың өзі ішіндегі бөлшектерін тонап әкеткен.

Өткен аптаның бейсенбісінде қалалық мәслихат депутаттарының қатысуымен өткен тұрақты комиссияның кезекті отырысында жергілікті лифт шаруашылығын тұрғын үй инспекциясы арқылы тұрғындарға тапсыру мәселесі қаралды.

«Екібастұзлифт» ЖШС-нің басшысы Алексей Матеркин бұл бастамаға бірден қарсылық білдірді. Өз уәжін алға тартпас бұрын төмендегі деректерді депутаттардың назарына ұсынды.

2015 жылдың 1 наурызынан бастап тариф пәтердің жалпы алаңының шаршы

# Лифт тұрғындарға қайта тапсырыла ма?

метріне 22 теңге көлемінде бекітілді.

«Әйтсе де тұрғындар лифтінің ақысы алаңның шаршы метріне төленетініне разы емес. Мәселен, 4 бөлмелі үйде жалғызілікті қария жалғыз тұрса, ол қалай төлемек? Әділетсіз ғой», - деген депутаттардың сауалына Алексей Матеркин: «Біз ол жағдайды да есепке алдық. Жеңілдікті қажет ететін жекелей азаматтардың тізімі бізде бар. Бастапқыда 90 адам осы жеңілдікті пайдаланса, бүгінде олардың қатары 360 адамға өсті», - деп жауап берді.

Айта кетерлігі, 2011-2013 жылдары сынақ мақсатында жаңа лифтілерді орнату кезінде лифтілерде (Украинаның Одесса қаласында жасалды) төлем картасы қарастырылған терминал енгізілген болатын.

- Бұл бастаманың өміршең еместігін уақыт өзі көрсетті. Бүгінде 34 терминалдың 14-і ғана жұмыс істеп тұр. Ал қалған 20-ы жөндеуге де келмейді. Мұндай терминалдарды құрастырушы зауыттар ғана жөндей алады, - деді Алексей Матеркин.

Алексей Матеркиннің айтуынша, бүгінде лифтілерді диспетчер арқылы басқару мәселесі қолға алынды. Жұмыс жолға қойылса, лифтінің техникалық жағдайы, кабинадағы адам мен орталық диспетчермен сөйлесу мүмкіндігі туады. Осы арқылы қауіптің алдын алуға болады, орталық диспетчер арқылы басқару ғаламтор арқылы заманауи технологиялар негізінде жүзеге асырылмақ. Қазіргі таңда 150 лифт диспетчерлік пульт арқылы басқарылады. Бұл жұмыс одан өрі жалғасын таппақ.

Салыстырмалы түрде алсақ, Пав-

лодар қаласындағы 1500 лифтінің 800-ден астамы қолдану мерзімінен өткендіктен жаңартуды қажет етеді. Соның салдарынан кейбір лифтілер істен шығып, адам өліміне дейін апарып соқтырған. Екібастұзда лифт шаруашылығы жергілікті әкімдік есебінен қаржыландырылуда. Соның нәтижесінде лифт шаруашылығы қызмет көрсету жағынан облыста ғана емес, республикамызда алдыңғы орында тұр.

«Павлодарда лифт шаруашылығының алға баспауына бірден-бір себеп: жергілікті әкімдік лифтінің бюджет есебінен қаржыландыруға мүдделі емес. Бүгінде лифтілер жеке кәсіпкерлердің қолына өткендіктен қауіпсіздік шаралары назардан тыс қалды. Әрі келешегі де күмәнді. Сондықтан «Екібастұзлифт» ЖШС-ін сақтауға күш салғанымыз жөн. Әйтпесе өзге қалалардағы лифт шаруашылығының кебін кимесімізге кім кепіл?! - деді А.Матеркин.

- Лифт шаруашылығын тұрғындардың қолына беру туралы ұсыныстың еш қисыны жоқ. Біріншіден, оған білікті мамандар қызмет көрсетпесе немесе лифтілер уақытында жаңасына ауыстырылмаса (бір лифтінің құны 6-6,5 млн. теңге) қауіпсіздік шарасы қамтамасыз етілмеуі мүмкін; екіншіден, 15 жыл бұрын қомақты қаржы құйып, аяғынан тік тұрғызған лифтілердің қайтадан тонауға түсуі мүмкін. Екібастұз қаласының лифт шаруашылығын ұстаудағы тәжірибесі өзгелерге үлгі болғаны соншалықты, біздің қала тәжірибе алмасу орталығына айналды. Егер өзгелер бізді мойындаса, демек, біздің дұрыс жолды таңдағанымыз, -

деп сөзін түйіндеді А.Матеркин.

Алексей Алексеевич лифтілерді жаппай терминалға көшірсе, осы бағытта қиындықтар туындайтынын да жасырмады.

«Лифтіге жетонмен көтеріліп-түсу де тығырықтан шығудың жолы болып табылмайды. Тиімсіз дейтінім, лифтілерде бір жетонмен пәленбай адам көтеріліп-түсуі мүмкін. Өркениетті елдерде төлем картасы жоқ адам лифтіге мінбейді. Мұнда әр адамның салмағы есепке алынатындықтан, артық адамды автоматты түрде шығарып тастайды. Біздің елімізде мұндай лифтілер жоқтың қасы. Көрші Ресейдің Новосібір қаласында лифтінің осы түрін жасау қолға алынауда. Оның нәтижесін уақыт көрсетер. Лифт ақысын алаңның шаршы метріне төлеуді көпсінбеңіздер. Есесіне осы жүйеге көшу арқылы жұмыскерлердің жалақысын көтердік. Лифт шаруашылығына қажетті маманды табу қиын. Біз кадрларды өзіміз даярлаймыз. Сонымен бірге, лифтінің қосалқы бөлшектері өте қымбат. Жақында көпқабатты пәтерлердің бірінде лифт жұмыс істемей қалды. Бір сайманды 700 мың теңгеге сайманын ауыстырдық, - деді лифт шаруашылығының басшысы.

Қорыта айтқанда, халыққа керекті – лифтінің тоқтамай, мінсіз жұмыс істегені. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі лифт шаруашылығының жұмысына қояр кінә жоқ.

Лифт шаруашылығын оңтайландыру мәселесіне келсек, нақты шешім қабылдас бұрын «жеті рет өлшеп, бір рет пішкен» жөн.